



Брекет-жүйемен ортодонтикалық емдеуге ақпараттандырылған ерікті келісім

Мен өзіме брекет-жүйемен ортодонтикалық емдеудің тағайындалғаны жайлы дәрігермен ақпараттандырылдым және емдеу диагнозы мен жоспарына қатысты қажетті түсініктемелерді алдым.

Дәрігер маған емдеу мәнісі туралы хабарлады, түсіндірді және маған бұл ақпарат түсінікті.

Дәрігер маған мыналарды түсіндірді:

- Кеңестер мен тағайындауларды орындамау, келу (тексеру) уақытын өткізіп алу емдеу уақытын ұзартып қана қоймай, соңғы нәтижеге жағымсыз әсер етуі мүмкін.
- Аппаратураны тағу кезінде ауыз қуысының тазалығын дұрыс сақтамау, қант мөлшері көп тағамдарды тұтыну тісжегі, пародонтит және тістердің кальцификациясыздану (ақ нүктелердің пайда болуы) тәуекелін арттырады.

Маған сондай-ақ ортодонтикалық емдеу нәтижесіне ықпал етуі мүмкін, болжанбайтын факторлар белгілі:

1. Зиянды әдеттер.

Саусақ сору, ерінді тістеу, жұту кезінде тістердің арасына тілді салу және басқа зиянды әдеттер тіс-жақ ауытқуларының көпшілігінің пайда болуына себеп болып табылады. Дәрігермен ынтымақтастық, зиянды әдеттен арылу ниеті және ортодонт-дәрігердің барлық кеңестерін орындау сәтті емдеу кепілі болып табылады. Кері жағдайда, зиянды әдеттер тістердің дұрыс күйде жылжуына кедергі болуы немесе брекет-жүйені шешіп алудан кейін тістердің бұрынғы күйге келуін тудыруы мүмкін.

2. Емдеу аяқталғаннан кейін тістердің жылжуы.

Тістер емдеу аяқталғаннан кейін де, ретенция кезеңінен кейін де (тістерді олар үшін жаңа күйде нығайту қажеттілігімен байланысты кезең) жылжу үдерісіне бейім. Қол жеткізілген нәтижені тұрақтандыру үшін алынбайтын және (немесе) алынбалы ретейнерлерді әлдеқайда ұзақ уақыт (кейде өмір бойы) тағу қажет, бұл туралы Сізді ортодонт-дәрігер міндетті түрде хабардар етеді.

3. Тамырлардың тарауы.

Ортодонтикалық емдеу кезінде, тістердің жылжуы жүргенде, тамырлардың ұзындығының азаюы (тарауы) орын алады. Тіс тамырларының ұзындығының аздаған қысқаруы, әдетте, аландауға негіз болмайды. Тамырлардың айтарлықтай тарауы тістен мерзімінен бұрын айырылу ықтималдылығын арттыра отырып, ұзақмерзімді болжамды нашарлатуы мүмкін. Мұндай жағдайға жарақаттар, тістің шығуындағы бұзылулар, эндокриндік аурулар, кейбір емделушілердің осындай белгілерге тұқым қуалаушылық бейімділігі себеп болуы мүмкін.

4. Қызылиек аурулары.

Қызылиектің қабынуы емдеу басталғанға дейін де, емдеу кезінде де басталуы мүмкін. Емдеу кезінде қабыну үдерісі күшейіп, тістердің айналасындағы сүйек тінінің жоғалуына әкеп соқтыруы мүмкін. Тістерді үй жағдайында сапалы тазалау және дәрігердің профилактикалық емшаралар кешенін тұрақты жүргізуі жағдайды бақылауда ұстауға көмектеседі.

5. Аппаратураны жұтып қою, тістің сынуы, микросызаттардың түсуі, қалпына келтірілген тістердің жылжуы сияқты әдеттен тыс жағдайлар.

Маған ескертілді:

- Ортодонтикалық аппарат емдеу басталғаннан кейін алғашқы 2–3 аптаның ішінде ерін мен ұрттың шырышты қабығын қажауы немесе тырнауы мүмкін;
- Емдеу кезінде тістердің уақытша қозғалғыштығы сүйектің құрылысының өзгеруі салдарынан тістердің жылжуымен байланысты.
- Қалаулы нәтижеге қол жеткізу үшін ортодонтикалық емдеуге дейін және/немесе кейін жекелеген тістерді жұлу, протездеу, пломбаларды ауыстыру қажет болуы мүмкін;
- Алынбалы аппараттар мен алынбайтын техниканы белсендетуді қатаң түрде емдеуші дәрігермен көрсетілген мерзімде жүргізу қажет;
- Брекет-жүйені шешуден кейін емдеу нәтижесін бекіту үшін ретенциондық аппаратты тағу қажет, кері жағдайда тістестіру ауытқуы қайталануы мүмкін.

Маған:

ортодонтикалық емдеу үдерісінде пайдаланылатын технологиялар (әдістер) мен материалдар, емдеу жүргізудің болжалды мерзімдері мен оның құны аталды және менің тарапымнан келісілді.

Мен нәтижеге қол жеткізу мен оны сақтауда маңызды рөл ойнайтын әр адамның ағзасының бірегейлігі және емделушінің атқарғыштығы себепті ортодонтикалық емдеудің дәл нәтижесін ешкімнің болжай алмайтынымен келісемін, бұл ретте маған төмендегілерге сөзсіз кепілдік берілді:

- диагностиканың дәлдігі;
- тістестіруді түзету үшін оңтайлы аппаратураның таңдалуы;
- тіс-жақ сүйек жүйесінің эстетикасы мен қызметінің жақсаруы;

Мен:

- дәл диагноз қою және тиімді емдеу жүргізу үшін қосымша тексеру және емдеу сапасын рентгенологиялық бақылау; басқа профильдегі тіс дәрігерлерінен кеңес алу; жалпы медициналық профильдегі дәрігерден кеңес алу қажет болуы мүмкін екенін;
- тиімді емдеу шарты – менің емдеу жоспарын, жеке профилактикалық емшаралар жоспарын орындауым және дәрігердің барлық кеңестері мен тағайындауларын орындауым болып табылатынын;
- емдеудің айтарлықтай нәтижелеріне емделушінің емдеуші дәрігермен тығыз ынтымақтастығы жағдайында ғана қол жеткізуге болатынын, емдеу мерзімінің ұлғаюы және/немесе емдеудің ымыралық нәтижелері нашар ынтымақтастық салдары болуы мүмкін екенін түсінемін.

Мен өзімнің қолтаңбаммен куәландырамын:

- маған алдағы емдеу туралы бүкіл қажетті ақпарат: медициналық көмек көрсету мақсаттары, әдістері, онымен байланысты тәуекел, медициналық араласудың мүмкін нұсқалары, оның салдары, сондай-ақ медициналық көмек көрсетудің болжалды нәтижелері туралы хабарланды;
- мен оны жүргізудің маған аталған шарттарымен келісемін.